

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ  
Әлеуметтік ғылымдар факультеті  
Педагогика кафедрасы**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ  
ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:  
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»  
Халықаралық ғылыми семинар  
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК  
Международного научного семинара  
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА  
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ:  
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана  
20 сәуір, 2023 ж.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КеАҚ  
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ  
АЛДЫН АЛУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»  
Халықаралық ғылыми семинар  
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК  
Международного научного семинара  
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА В  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана  
20 сәуір, 2023 ж.**

### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Сомжүрек Б.Ж.** - ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;

**Асылбекова М.П.** - педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;

**Атемова К.Т.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Сейітқазы П.Б.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Шалғынбаева Қ.Қ.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Албытова Н.П.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

**Сламбекова Т.С.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

**Шолпанкулова Г.К.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

**Жубакова С.С.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

**Жукенова Г.Б.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

**Махадиева А.К.** - философия докторы (PhD), доцент м.а.

### **ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:**

**Сомжүрек Б.Ж.** - председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;

**Асылбекова М.П.** - заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;

**Атемова К.Т.** - доктор педагогических наук, профессор;

**Сейітқазы П.Б.** - доктор педагогических наук, профессор;

**Шалғынбаева Қ.Қ.** - доктор педагогических наук, профессор;

**Албытова Н.П.** – кандидат педагогических наук, профессор;

**Сламбекова Т.С.** - кандидат педагогических наук, профессор;

**Шолпанкулова Г.К.** - кандидат педагогических наук, профессор;

**Жубакова С.С.** - кандидат педагогических наук, доцент;

**Жукенова Г.Б.** - кандидат педагогических наук, доцент;

**Махадиева А.К.** - доктор философии (PhD), и.о. доцента.

**УДК 378.1**  
**ББК 74.00**  
**Б. 94**

«Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» атты ғылыми семинар BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында ұйымдастырылған.

**Б.94 «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе».** Халықаралық ғылыми семинар жинағы (Астана қ., 20 сәуір). 2023. 223– бет

**ISBN 978-601-337-842-8**

Жинаққа білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу мәселелері бойынша баяндамалар енгізілген.

**УДК 378.1**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-337-842-8**

© **Формула печати, 2023**

Илюхина, Р.У. Узакбаева, С.О.Амантаева және т.б. – Қарағанды: ҚО ББД ОӘО, 2020. – 218 б.

6. Культура сетевых коммуникаций цифрового поколения: ресоциализация отношений и доместикация социальных медиа (сборник материалов исследования) / науч. ред. А.П. Глухов. – Томск: Издательский Дом Томского государственного университета, 2018. – 120 с.

## **БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ**

### **THE CURRENT STATE OF STUDY OF THE PROBLEM OF BULLING IN THE EDUCATIONAL ENVIRONMENT**

**Махадиева А.К., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті,**

**PhD., доцент м.а., Астана қаласы**

**Махадиева А.К., Шымкент университеті, PhD., аға оқытушысы,  
Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы**

**Mahadieva A. K., L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
PhD., acting associate professor, Astana,**

**Mahadieva A. K., Shymkent University, PhD., senior lecturer,  
Shymkent, Republic of Kazakhstan**

**Аңдатпа.** Қазіргі киберкеңістік жағдайында мектептегі буллинг мәселесі әлем деңгейінде өзекті болып отыр. Бұл зерттеушілерге буллинг ұғымын нақты анықтаудан бастап, оны алдын алу және оған қарсы тұру бойынша тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеуге дейінгі бірқатар міндеттерді қояды. Бұл міндеттерді шешу, білім беру мекемелерінде психологиялық қорлаудың осы түрімен сәтті күресудің кепілі болып табылады. Осы мақалада буллингтің себептері, салдары және оқушылар үшін қауіпсіз ортаны құру мәселелеріне баса назар аударылған. «Моббинг» және «буллинг» ұғымдарының пайда болу тарихы қысқаша сипатталған. Сондай ақ мектеп ортасындағы психологиялық қорлау мәселесіне қатысты бірқатар заманауи зерттеулердің нәтижелері ұсынылған.

**Annotation.** In modern cyberspace, the problem of school bullying is becoming increasingly relevant at the world level. This sets researchers a number of tasks, ranging from a clear definition of the concept of bullying to the development of experimental recommendations for its prevention and counteraction. The solution of these tasks is the key to the successful fight against this type of psychological bullying in educational institutions. This article focuses on the causes, consequences of bullying and creating a safe environment for students. The history of the emergence of the concepts of "mobbing" and "bullying" is briefly described. The results of a number of modern studies on the problem of psychological bullying in the school environment are also presented.

**Кілттік сөздер:** буллинг, моббинг, қауіпсіз орта, психологиялық қорлау,

психосоматика, құрбан болу.

**Key words:** bullying, mobbing, safe environment, psychological bullying, psychosomatics, victimization.

Бүгінгі таңда қазіргі білім беру жүйесінде қойылған ең өзекті міндеттердің бірі-қауіпсіз ортаны құру және қолдау. Айта кету керек, бұл тұрғыда «қауіпсіздік» ұғымы оқушыларды қорғауға байланысты техникалық жабдықтар мен іс-шараларды емес, мектеп ұжымдарында жайлы психологиялық атмосфераны құруды білдіреді. Қауіпсіздік сезімі оқушылардың жалпы психологиялық-эмоционалды жағдайына тікелей әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар сәтті дамудың кепілі болып табылады. Белгіленген міндетті орындау білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы қатынастардың сипатын зерттеудің әртүрлі тәсілдерін қарастыру қажеттілігін білдіреді. Шетелдік зерттеулердің көрсетуі бойынша ұжымдағы өзара қарым-қатынастар білім беру ортасының «қауіпсіздігі» немесе «қауіпсіздіктің болмауы» сезімінің пайда болуына әсер ететін қолдаудың немесе қауіп-қатердің көзі бола алады [1]. Осыған байланысты, соңғы уақытта білім беру мекемелеріндегі жәбірлеу мәселесіне көбірек көңіл бөлінуде.

ЮНИСЕФ мәліметтері бойынша, 2020 жылы Қазақстанда балалардың 63%-ы зорлық-зомбылық пен кемсітушілікке куә болған, 44%-ы құрбан болса, ал 24%-ы мектептегі басқа балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен кемсітушілік әрекеттерін жасаған. Ал шетелдегі бұл көрсеткіштер:

- Таяу шығыста бұл көрсеткіш сәйкесінше 33,4% және 45,4% құрайды;
- Азия, Орталық және Оңтүстік Америкада, сондай-ақ Кариб теңізінде балалардың 25-30% буллингке ұшырады;
- АҚШ пен Канадада-ұлдардың 30,5% және қыздардың 32,8%;
- Еуропада орта есеппен мектеп оқушыларының 30,1%-ы және мектеп оқушыларының 28,2%-ы қорлаудан зардап шегеді (көбінесе психологиялық). Сонымен қатар, балалардың шамамен 15%-ы кибербуллингті қандай да бір түрде бастан өткерді;
- Ресейде мектеп оқушыларының 42,5% буллингке ұшырайтыны келтірілген.

Оқушылар арасындағы қорқыту тақырыбы жаңа емес, бірақ қазіргі қоғамның «ауруы» көрінісінде жылдам өсуде. Қазақстанда және басқа елдердің мектептерінде күрделі мәселе болып табылады. Көптеген жасөспірімдер мектепте күнделікті қудалау мен қорқытуға тап болады. Орта және жоғары сыныптарда жасөспірімдер, әдетте, маңызды адамдар мен басқалардың, атап айтқанда өз құрдастарының мақұлдауы мен құрметіне мұқтаж, осы жағдай буллингтің ықтимал «құрбандарын» жәбірлеу жағдайын одан да күшейте түседі [2].

Бастапқыда бір адамды адамдар тобымен жүйелі түрде қорлауды көрсету үшін «моббинг» термині пайда болды, содан кейін ғана «буллинг» термині пайда болды. Алғаш рет басқа жануарларға жаудың жақындауы туралы ескертетін және жауды қуып жіберу үшін жалпы күш-жігерін көрсететін (мысалы, осылай қаздар түлкіні, ал қарғалар сұңқарды қуып жібереді)

жануарлар мен құстардың ерекше мінез-құлқын көрсету үшін «моббинг» сөзін 1958 жылы әйгілі зоопсихолог Конрад Лоренц қолданған болатын. Бұл терминді Швед дәрігері Питер Пол Хайнеман адамдар арасындағы қарым-қатынас саласына ауыстырды. Ол өзінің зерттеулерін 1960-1970 жылдары мектептегі балалардың топтық мінез-құлқын сипаттау және жүйелеу арқылы жүргізе отырып, ол көбінесе осындай өрескел формаларды бөліп көрсетті. Қазіргі таңда осы процестерден зардап шеккен балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік жағдайы түбегейлі өзгеріп, көбінесе суицид әрекеттеріне де әкелетін болады.

1969 жылы Швецияның «Liberal Debatt» журналында Хайнеманның мақаласы жарық көрді, онда ол алғаш рет «моббинг» терминін білім алушылар ортасында топтық қорлау үшін қолданды. 1972 жылы Хайнеманның «Моббинг: балалар мен ересектер арасындағы топтық зорлық-зомбылық» атты кітабы жарық көрді. Осы уақытта Швед психологы Дэн Олвейс жасөспірімдер ортасында агрессия туралы зерттеулер жүргізе отырып, алынған нәтижелері арқылы 1973 жылы «Ұрып-соғатын ұлдар мен мектептегі бұзақылар» деп аталатын кітабын шығарды. Сонымен қатар моббингті зерттеудің алғашқылардың бірі Швед психологы және дәрігері Хайнц Леманды да атап өтуге болады [3].

Егер Хайнеманн мен Олвейс мектептегі моббингті зерттеген болса, ал Леман 1970 жылдардың аяғында жұмыс орнында жәбірлеудің тікелей және жанама түрлерін зерттеп, 1990 жылдардың аяғында осы уақытқа дейін жинақталған ғылыми зерттеу тәжірибесін жинақтап өз жұмыстарын жариялады. Леман сонымен қатар жұмыс орнында моббингті зерттеу үшін ересектерге арналған «LIPТ» («Leumann inventory of Psychological Terror») сауалнамасын жасады. Хайнеманн, Олвейс және Леманның еңбектерінің арқасында моббинг мәселесіне деген қызығушылық халықаралық деңгейге көтерілді, олар басқа елдерде де зерттеу жүргізуге түрткі болды. 1990 жылдарға дейін мұндай зерттеулер негізінен Солтүстік Еуропа елдерінде жүргізілді. Бұл құбылысты зерттеуді қолға алған Скандинавия елдерінде, сондай-ақ неміс тіліндегі «моббинг» термині кең таралған болып қала берді, ал ағылшын және орыс тілді кәсіби қауымдастықтарда «буллинг» термині қолданыла бастады [4].

Буллинг мәселесі бойынша алғашқы халықаралық конференция 1987 жылдың жазында Норвегиялық Ставангерде өтті. Оны Еуропа Кеңесі ұйымдастырды және көбінде батыс еуропа елдерінің ғалымдары мен педагогтарын жинады. Конференция қорытындысы бойынша «Әртүрлі елдердегі буллинг: мәселелерді шолу» кітабы жарық көрді. 1990 жылдардың басында буллинг бойынша зерттеулер Ұлыбритания, Австралия, Канада, Жапония, Германия және басқа елдерде де жүргізіле бастады.

1969 жылы Хайнеманның мақаласы жарияланғаннан бастап бүгінгі күнге дейін буллингтің зерттеу жергілікті зерттеуден халықаралық ауқымдағы әрекетке дейінгі даму жолынан өтті, осы тақырып аясында әр түрлі елдердің ғылыми қауымдастықтары арасындағы ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу үнемі нығайып келеді. Ғалымдардың зерттеулері осы мәселеге назар аударып және білім беру қызметкерлері, дәрігерлер, саясаткерлер және халықтың ең

көп бөлігін осы құбылыс туралы жалпы хабардарлық деңгейін арттырды [5].

Ресейде осы тақырыпты түрлі уақытта айналысқан ғалымдар: Кон И.С., Ениколопов С.Н., Собкин В.С., Кривцова С.В., Бочавер А.А., Хломов К.Д. болды. Олар буллингті физикалық немесе психологиялық тұрғыдан мәртебесі әлсіз адамдарға қатысты агрессияның жүйелі мақсатты әрекеттерінде көрінетін зорлық-зомбылықтың формасы деп қарастырды. Ғалымдар буллингтің барлық түрлері мен формаларына тән жалпы мынандай сипаттамаларды көрсетеді:

- іс-әрекеттің қасақана болуы (ниет);
- көріністердің қайталануы мен жүйелілігі;
- қатысушы тараптардың физикалық және әлеуметтік теңсіздігі ретінде көрінетін күштердің дисбалансы;
- агрессивті мінез-құлық және келтірілген зиян [6].

Ал Қазақстанда қиын жасөспірімдер мен жетім балалардың өміріндегі девианттылық пен салдары контекстіндегі зорлық-зомбылық мәселесін психолог ғалымдар А.Ақажанова, Г.Досманбетов, С.Шалғымбаев және т. б. талдады [7].

Психологиялық қорлаудың кез-келген көрінісі, психологиялық-әлеуметтік бейімделу мәселелерінің дамуының маңызды индикаторы болып табылады. Қауіпсіз орта оқушылар өздерін маңызды сезінетін және құрдастары мен ересектері мойындайтын жағдайда пайда болады. Мұғалімдер және құрдастарымен жағымды қарым-қатынаста болған, сондай-ақ олардан қолдау алатын балалардың өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары болады және өзін қорғай алады. Құрдастарымен және мұғалімдерімен жағымсыз тәжірибесі бар оқушылар өзін-өзі бағалаудың төмендігінен зардап шегіп және әлеуметтік бейімделу мәселелеріне тап болуы мүмкін. Буллинг мәселесіне қызығушылықтың артуының себептерінің бірі-оның академиялық үлгеріммен байланысы. Оқушылар уақытының көп бөлігін мектепте өткізетіндіктен, мектептер оқушының әлеуметтік, интеллектуалдық және мінез-құлық дамуына айтарлықтай әсер ететінін жоққа шығаруға болмайды. Мектеп климаты мектеп қауіпсіздігінің маңызды бөлігі болып табылады. Достық емес және хаостық мектеп атмосферасы баланың оқу қабілетіне теріс әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар мұндай жағдайда мұғалімдер сыныптағы оқушылардың мінез-құлқын тиімді басқара да алуы қажет. Теріс ойлар, сезімдер мен әрекеттер балалардың оқу қабілетіне немесе мектеп ортасын пайдалану мүмкіндігіне әсер үлкен әсер етеді [8].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау, мектеп ортасындағы буллинг жеке-тұлғалық және әлеуметтік факторлардың жиынтығынан туындауы мүмкін екенін көрсетеді. Буллингтің пайда болуына ықпал ететін жеке-тұлғалық факторларға оқушының агрессивтілігі, нашар оқу мотивациясы және оқу үлгерімі, тәрбиенің төмен деңгейі, ерте жыныстық өмір, ерте сотты болуы, үстемдікке бейімділік сияқты сипаттамалары жатады. Бұл жағдайда буллингтің себептері қызғаныш, кек алу, өзін-өзі өзектендіру, билік үшін күрес, назардың орталығында болуға деген ұмтылыс, таңдандыруға, энергия алуға және «мазақ етуге» деген ұмтылыс, ұнатпаушылық сезімі де болуы мүмкін [9].



Оқушылар арасында буллингті тудыратын негізгі әлеуметтік факторлар:

- отбасылық қолайсыздық (әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігі, ата-ананың ажырасуы (өгей шешесінің, өгей әкесінің немесе қамқоршысының пайда болуы), отбасылық жанжалдар, жақын ортада агрессия көріністерін үнемі бақылау, отбасылық және жыныстық зорлық-зомбылық, гиперопека немесе гипоопека);

- сыныптағы немесе мектеп ұжымындағы жанжалды орта (сыныпта мойындалған «лидердің» болуы, оқушылар арасындағы өткір қақтығыс, мұғалімдердің арандатушылық мінез-құлқы (қорлау, мысқыл сөздер, қорқыту қимылдары және т. б.);

- мектеп персоналы тарапынан білім алушылардың мінез-құлқын бақылаудың болмауы (мысалы, оқушылардың билікке деген құштарлығына қарсы тұруға деген шараның болмауы);

- БАҚ арқылы зорлық-зомбылықты тарату [10].

Қазіргі уақытта мектептегі буллингті ғалымдар психологиялық және әлеуметтік (апатия, мазасыздық, ашуланшақтық, жалғыздық, агрессивті және суицидтік мінез-құлқы, психоактивті заттарды қолдану, қылмыстық топтарға қатысу қаупі, мектептегі дезадаптация және т. б.) ғана емес, сонымен қатар соматикалық (бас айналу, бас ауруы, ұйқының бұзылуы, энурез, іш және арқа аурулары, физикалық жарақаттар және т.б.) салдарға де әкелетін маңызды мәселе ретінде қарастырады. Атап айтқанда, С.В.Кривцова оқушының денсаулығына буллинг жағдайының келесі жағымсыз салдарын сипаттайды: дене функцияларының минималды қажеттілікке дейін төмендеуі; ағзадағы ас қорыту процестерінің бітелуі және соның салдарынан тәбеттің төмендеуі, ас қорыту жолдарының бұзылуы; жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы; жаппай ойлау блокадалардың пайда болуы (ақыл-ойдың нашарлауына дейін); иммундық жүйенің дұрыс жұмыс істемеуі [11].

Ал енді буллингтің себептерін зерттеген Y.Kim, K.Kwak, C.Lee, H.Park зерттеулерінің көрсетуі бойынша буллингтің құрбаны болғандар неге осы жағдай олармен болғанын нақты көрсете алмаған. Олардың болжамы бойынша буллингтің себебі басқалармен салыстырғанда олардың қорқақтығы, жақын достарының болмауы, буллингті жасаған адамға қарағанда әлсіз болуын көрсетеді [12].

E.Roland көрсетуі бойынша буллингтің себебі «құрбандардың» ерекше сыртқы келбеті себеп болуы мүмкін деп көрсетеді. Оқушылар буллингтің себебі «құрбандардың» неғұрлым тартымды немесе үйлесімсіз сыртқы келбеттерін белгілейді. [13].

Мектеп ұжымындағы психологиялық қорлау мәселесін заманауи зерттеудің бір мысалы В.Маруктың зерттеуін көрсетуге болады. В.Маруктың жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, буллингтің белгілі бір түрі «жәбірленушінің» жалпы психологиялық жағдайына ғана емес, оның денсаулығына да теріс әсер ететін әртүрлі стресстік реакциялар мен психосоматикалық белгілерді тудыруы мүмкін. Бұл зерттеуге Луисвилл, Кентукки және Питтсбургтегі орта мектеп оқушылары қатысты (барлығы 14 пен 19 жас аралығындағы 181 адам). Алынған мәліметтерге сәйкес, буллингтің әртүрлі түрлері оқушылардың стресстік реакциясының нақты моделіне әкелді.

Автор қорлау қорлауды тудыратынын, сондықтан психологиялық буллингке ұшыраған оқушылар қорлаудың басқа түрлерін де «қолдайтынын» атап өтті. Олардың ішіндегі ерекше ретінде келесі типтерді көрсетті: тікелей буллинг (физикалық зиян, мүлікке және басқа да заттарға зиян келтіру және т.б. көрінетін буллинг типі), жыныстық сипаттағы қорлау, сондай-ақ басқа адамның құқықтарын төмендету мен бұзуға бағытталған кемсітушілік буллинг типі [14].

Демек қорлауға ұшыраған оқушылар сезімтал болып, сақ болуға мәжбүр болады, өйткені олар күн сайын келесі «шабуылдың» болып қалу ықтималдығын біледі. Күнде «шамадан тыс сақтықта» жүру тұрақты күйі шиеленісінің жоғары деңгейіне әкеледі. Осының салдарынан оқушы оны жеңе алмағандықтан мектептегі қорлаудан туындаған ауыр зардаптарды көрсете бастайды. Стресстің салдарынан пайда болатын депрессия мен мазасыздық жалпы саулықтың нашарлауына және көңіл-күйдің төмендеуіне ғана емес, сонымен бірге басқалармен қарым-қатынаста, сондай-ақ оқуда да үлкен (оқу үлгерімінің төмендеуі) мәселелерге әкелуі мүмкін.

Сонымен зерттеу авторлары қарастырған білім беру ортасындағы буллингке мынандай сипаттама беруге болады:

- буллинг-бұл зорлық-зомбылық (физикалық, психологиялық, эмоционалды);

- буллинг жалғыз немесе адамдар тобымен жүзеге асырылады;

- буллинг психологиялық, физикалық тұрғыдан әлсіз адамға бағытталған;

- буллинг жүйелі және ұзақ мерзімді болады.

Осы келтірілген деректер білім беру мекемелерінде қорлауды алдын алу бойынша алдын алу бағдарламаларды жүзеге асыру қажеттілігін ғана емес, сонымен қатар буллинг және кибербуллинг оқушылардың өмірінің әртүрлі салаларында, соның ішінде үйде, мектепте, заңда және жалпы қоғамда шешілуі керек мәселе екенін көрсетеді. Қорлаудың бұл түрі үлкен назар аударуды қажет ететін мәселе ретінде қарастырылуы керек, сондай ақ болашақта осы салада көбірек зерттеулер қажет. Білім беру үдерісіне қатысатын отбасы, мектеп сыныбы, мұғалімдер, мектеп әкімшілігі балаларда қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыруға үлкен әсер етеді. Мұғалімдер мен білім беру мекемелерінің басшылары арасында антибуллингке қарсы әдістер мәселесінде сауаттылықты арттыруға назар аударып, жағдай жасау керек. Буллингті және оның түрі кибербуллингті алдын алу бағдарламаларын енгізу арқылы мектептегі қорлауды алдын алу, оқушылардың саулығын қамтамасыз етудің приоритеті болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Smith P.K., Mahdavi J., Carvalho M., Fisher S., Russel S., & Tippett N. Cyber bullying: Its nature and impact in secondary school pupils. *Journal of Child and Psychiatry*, 2008, №49, 376-385.

2. Boyle G.N. *The Effects of Bullying on Academic Achievement in Middle School Students. Dissertation. Union University, USA, 2015*

3. Белевич А.А. Об опыте исследования степени распространения буллинга в подростковой среде // Известия АСОУ: научный ежегодник. М.: Академия социального управления, 2015. Т. 2. С. 68–82
4. Leymann H. Der neue Mobbingbericht – Erfahrungen und Initiativen, Auswege und Hilfsangebote. Reinbek bei Hamburg: Rowohlt, 1995. 197 S.
5. Шапкина А.Н. Из опыта антибуллинговой работы в Германии // Известия АСОУ: научный ежегодник. М.: Академия социального управления, 2015. Т. 2. С. 59–68.
6. Волкова И. В. Характеристика подросткового буллинга и его определение // Вестник Минского университета. – 2016. – № 2. – С. 26–33.]
7. Дусманбетов Г.А., Шерьязданова Х.Т. Психология деструктивных факторов процесса социализации старших подростков. Алматы: Казахский государственный женский педагогический институт, 2003. 110 с.
8. Boyle G.N. The Effects of Bullying on Academic Achievement in Middle School Students. Dissertation. Union University, USA, 2015.
9. Маланцева О.Д. «Буллинг» в школе. Что мы можем сделать? // Социальная педагогика. – 2017. – № 4. – С. 90–92.
10. Мальцева О. А. Профилактика жестокости и агрессивности в подростковой среде и способы ее преодоления // Вестник Тюменского государственного университета. – 2019. – № 7. – С. 51–54.
11. Соловьев Д. Н. Модель профилактики буллинга среди школьников подросткового возраста // Науковедение. – 2014. – № 3. – С. 155–162.
12. Мерцалова Т. Насилие в школе: что противопоставить жестокости и агрессии? // Директор школы. -2000 №3. -С. 25-32.
13. Roland E. Bullying: the Skandinavian research tradition. В Bullying in schools, creator: Lane D.A. Tattum D.P.,. Stroke-on-Tent: Trentham, 1992.
14. Maruca V.L. Cyberbullying as its own construct: a new measure for analyzing its effects on students. Dissertation. Spalding University, USA, 2016.